

Қазақстан Республикасы экономикасы салалары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 9 қаңтар N 31. ҚР Үкіметінің 1996.06.03. N 672 қаулысын қараңыз. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.02.06. N 170 қаулысымен. ~P970170

"Қазақстан Республикасы халқы тұрмысының әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 2692 U952692_ Жарлығын орындау үшін және еңбекке ақы төлеудің тарифтік жүйесін жетілдіру, материалдық өндіріс және мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу деңгейлеріндегі орынсыз теңдестіруді жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мыналар:

экономиканың барлық салаларының қызметкерлері үшін 1996 жылға арналған Бірыңғай тарифтік кесте 1-қосымшаға сәйкес;

қызметкерлердің барлық санаттарының еңбегіне ақы төлеу үшін Бірыңғай тарифтік кестені қолданудың негізгі шарттары (экономиканың барлық салалары үшін ортақ) 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Мыналар:

Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салалары қызметкерлерінің тарифтік ставкалары мен лауазымдық жалақыларын айқындау үшін көрсеткіш ретінде Бірыңғай тарифтік кестенің 1-разряды тарифтік ставкасының мөлшері пайдаланатын болып;

Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салаларының қызметкерлері үшін Бірыңғай тарифтік кестенің 1-разряды тарифтік ставкасының айлық мөлшері:

1996 жылдың 1 қаңтарынан бастап - 1100 теңге;

1996 жылдың 1 сәуірінен бастап - 1400 теңге;

1996 жылдың 1 шілдесінен бастап - 1700 теңге;

1996 жылдың 1 қазанынан бастап - 2000 теңге мөлшерінде белгіленсін.

3. Мыналар:

Бірыңғай тарифтік кестенің 1-разрядының ставкасы жұмыс берушіге жалақының кепілді мөлшері болып табылады;

Бірыңғай тарифтік кесте мен разрядаралық коэффициенттерге негізделіп есептелген тарифтік ставкалар мен лауазымдық жалақылар еңбекке ақы төлеудің деңгейі (еңбек нормаларын орындаған жағдайда) болып табылады және тарифтік келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасу кезінде негіз ретінде қызмет етеді;

еңбекақыны есептеу кезінде салалық, аудандық коэффициенттердің, биік таулы, шөлейіт және сусыз жерлерде жұмыс жасағаны, экологиялық апат аймақтарында тұрғаны үшін төленетін коэффициенттердің қолданылып жүрген мөлшері сақталады;

ұйым өтемақылық төлемдер мен үстеме ақыларды қолданылып жүрген заң, нормативтік және ведомстволық актілерде белгіленгеннен кем емес мөлшерде белгілейді. Ынталандыру төлемдерін ұйымдар өздері айқындайды және еңбекақы қоры шегінде төлейді;

материалдық өрістегі салалар үшін аталған қаулыны қолданудың Бірыңғай тарифтік кестенің 1-разрядының ставкасы 2-тармақтың үшінші, төртінші, бесінші , алтыншы және жетінші абзацтарына сәйкес белгіленген деңгейден төмен бекітіле алмайтындығын қоспағанда, ұсынымдық сипаты бар; <*>

қызметкерлерді жалдаудың контракттылық нысаны пайдаланылған кезде меншік нысандары мен шаруашылық жүргізу түрлеріне қарамастан, негіздемелік деңгей ретінде Бірыңғай тарифтік кестеге сәйкес есептелген ставкалар мен лауазымдық жалақылар алынады деп айқындалсын.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.06.

28. N 816 қаулысымен. P960816_

4. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволар жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып:

мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ұйымдардың құрылымы мен жүйесін оңтайландыруды, оларды ұстаудың және қызмет істеуінің нормалары мен шарттарын тиімді ете түсуді аяқтасын, бұл орайда 1996 жылдың бірінші тоқсанында штаттық лауазымдарды мынадай мөлшерде: ғылым мәдениет және өнер, дене шынықтыру және спорт саласында 20 процентке; денсаулық сақтау саласында - 15 процентке; әлеуметтік қорғау саласында - 10 процентке; мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын өзге де ұйымдардың еңбегіне ақы төлеу Бірыңғай тарифтік кестеге сәйкес жүзеге асырылатын қызметкерлерін - 10 процентке, ал білім беру саласының ұйымдары бойынша штаттық лауазымдарды, педагогикалық жұмыс көлемі нормаларының қайта қаралатынын

ескере отырып, 1996 жылдың 1 шілдесіне дейінгі мерзімде 20 процентке қысқартуды көздесін. Босатылатын адамдарды бюджеттен тыс көздер есебінен ақылы негізде ұстауға барынша толық ауыстыру жөнінде шаралар қолдансын.

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен, Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Әділет министрлігімен келісім бойынша бір ай мерзімде қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуді реттейтін, қолданылып жүрген ведомстволық нормативтік актілерге тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізісін.

5. Осы қаулының орындалуы үшін жеке жауапкершілік министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың бірінші басшыларына, сондай-ақ облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне жүктелсін.

6. Министрліктермен ведомстволар осы қаулының орындалуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін баяндайтын болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін осы қаулының орындалуына тексеру жүргізісін.

7. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі, Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі салалық министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен бірлесіп, еңбектің біліктілік уәжінің күшейе түсетінін есте ұстай отырып, Бірыңғай тарифтік кестенің параметрлерін жетілдіру жұмысын жалғастырсын және осы мәселе бойынша келісілген ұсыныстарды 1996 жылдың 1 маусымына Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 3-қосымшаға сәйкес кейбір

шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

9. Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қаулысы 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 9 қаңтардағы
N 31 қаулысына
N 2 ҚОСЫМША

Қызметкерлердің барлық санаттарына еңбекақы

төлеуге арналған Бірыңғай тарифтік кестені
қолданудың негізгі шарттары
(Экономиканың барлық салалары үшін ортақ)

1. Экономиканың барлық салаларының ұйымдары Бірыңғай тарифтік кестенің, мамандықтардың қолданылып жүрген Бірыңғай тарифтік біліктілік кестесінің және қызметшілер лауазымдарының біліктілік кестесінің белгіленген тәртіппен бекітілген біліктілік сипаттамаларының негізінде Бірыңғай тарифтік кестенің разрядтары бойынша мамандықтар мен лауазымдарды сәйкестендіруді жүзеге асырады.

Бірыңғай тарифтік кестенің разрядтары бойынша қызметкерлерді нақты орналастыру берілген біліктілік ескеріле отырып жүргізіледі.

Қызметкерлерді қайта тарифтеу ұйымда белгіленген мерзімде, бірақ әрі кеткенде 3 жылда бір рет жүргізіледі.

Орынбасарлардың ставкаларын тиісті басшылар ставкаларынан 10-20 процент, көмекшілер мен ассистенттердің ставкаларын-20-30 процент төмен белгілеу ұсынылады.

Жеңілдіктер мен өтемақылардың ең аз мөлшері Бірыңғай тарифтік кестенің негізінде есептелген тарифтік ставкалар мен жалақыларға шаққанда процент есебімен айқындалады. Ұжымдық шарттар мен тарифтік келісімдерде бұл мөлшерлер еңбекақы төлеуге қолда бар қаражаттың көлемінде арттырылуы мүмкін.

2. Толық емес жұмыс күні немесе жұмыс көлемі толық болмайтын жағдайда нақты орындалған жұмыстар үшін, сондай-ақ уақытша немесе бір жолғы сипаттағы жұмыстарға ақы төлеу үшін еңбекке сағаттық ақы төлеу қолданылсын.

3. Министрліктер мен ведомстволар кәсіптік одақтардың тиісті бірлестіктермен бірлесе отырып жұмысшылар мамандықтарының қолданылып жүрген Бірыңғай тарифтік біліктілік кестесіне және қызметшілердің Біліктілік кестесіне енбеген біліктілік сипаттамаларын, сондай-ақ осы лауазымдарды Бірыңғай тарифтік кестенің разрядтарына жатқызу тәртібін жасап, Еңбек министрлігімен келісіп алып, оларды бекітетін болсын.

4. Осы қаулыға сәйкес қызметкерлер үшін енгізілетін ставкалар мен жалақылар коэффициенттерді, үстемақыларды және жеңілдіктерді ескергенде қазір қолданылып жүрген коэффициенттерді, үстемақыларды, және жеңілдіктерді ескергенде ставкалар мен жалақылардан төмен болатын

жағдайларда, осы қызметкерлерге олардың осы ұйымда сол немесе басқа неғұрлым жоғары қызметте жұмыс істеген уақыты үшін жалақыға тиісті айырма төленеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 9 қаңтардағы
N 31 қаулысына
N 3 ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
күшін жойған кейбір шешімдерінің

Т І З Б Е С І

1. "Халық шаруашылығы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін Бірыңғай тарифтік кестенің негізінде еңбекақы төлеудің жаңа шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 P920888_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы., N 40, 604-құжат).

2. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қорықтар мен ұлттық табиғат парктерін дамыту шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 607 P930607_ қаулысының 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 29, 342-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 977 P930977_ қаулысының 5-тармағының бірінші абзацы.

4. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті жанындағы Ақпарат-есеп орталығын қаржыландыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 2 қарашадағы N 1088 P931088_ қаулысының 3-тармағы.

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Ұлттық патент ведомствосының мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 сәуірдегі N 439 P940439_ қаулысының 2-тармағы.

6. "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Менеджмент, экономика және болжамдау институтының материалдық-техникалық базасын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 маусымдағы N 696 P940696_ қаулысының 1-тармағының бесінші абзацы.

7. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 қарашадағы N 1289 P941289_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 45, 491-құжат).

8. "Мемлекеттік басқарудың ұлттық жоғары мектебі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 11 қаңтардағы N 35 P950035_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 2, 19-құжат) 1-тармағының екінші абзацы "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 15 қарашадағы N 1289 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1992 ж., N 40, 604-құжат) енгізілген өзгертулерді ескере отырып "Халық шаруашылығы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін Бірыңғай тарифтік кестенің негізінде еңбекақы төлеудің жаңа шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 қаулысында көзделген" деген сөздер алып тасталады.

9. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жанындағы Республикалық құқықтық ақпарат орталығының мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 538 P950538_ қаулысының 3-тармағы "Халық шаруашылығы қызметкерлерінің барлық санаттары үшін Бірыңғай тарифтік кестенің негізінде еңбекақы төлеудің жаңа шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 20 қазандағы N 888 қаулысында көзделген" деген сөздер алып тасталады.

10. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрдің 1995 жылғы 12 қыркүйектегі N 349 R950349_ өкімінің 1-тармағының үшінші абзацы.